

Міндетті аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 13 қарашадағы № 490 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 7 желтоқсанда № 8132 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 26 шілдедегі № 369 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 26.07.2013 № 369 бұйрығымен.

«Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңының 7-бабының 1-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған міндетті аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын (бұдан әрі – біліктілік талаптар) б е к і т і л с і н .

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Міндетті аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 3 қарашадағы № 434 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4489 болып тіркелген, «Заң газетінің» 2007 жылғы 12 қаңтарда № 5 (1208) жарияланған);

2) «Міндетті аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 3 қарашадағы № 434 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 9 қаңтардағы № 12 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5125 болып тіркелген, 2008 жылғы 10 маусымда Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 6 жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті Қаржылық есептілік депозитарийға тиісті біліктілік талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйымдардың тізімін, оны одан әрі орналастыруды және мерзімдік жаңартуды қамтамасыз ете отырып, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастыруды жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, аудиторлық қызмет әдіснамасы департаменті (А.О. Төлеуов)

осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және кейіннен оның заңнамада белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін біліктілік талаптарының 4-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ б а н к і т ө р а ғ а с ы

Г.А. Марченко

«___» _____ 2012 жыл

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 3 қ а р а ш а д а ғы

№ 4 9 0 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Міндетті аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптар

1. Осы міндетті аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптар (бұдан әрі - Біліктілік талаптар) «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және ұйымдарға, оның ішінде ұлттық компанияларға, ұлттық холдингтерге, ұлттық басқарушы холдингтерге және қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізуге жіберілетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді.

2. Ұйымдарға міндетті аудит жүргізу үшін аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйым мынадай:

1) аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымда мүшелігі;

2) аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуы;

3) мүшесі аудиторлық ұйым болып табылған өткізілген сыртқы сапаны бақылаудың нәтижелері бойынша аудиторлық ұйымның халықаралық аудит стандарттары және Этика кодексі талаптарының сақталуын растайтын аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымның қорытындысының бар болуы;

4) соңғы бір жыл ішінде әкімшілік бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы кодексіне сәйкес аудиторлық қызмет туралы заңнаманы бұзғаны

үшін салынған әкімшілік жазаның болмауы біліктілік талаптарына сәйкес келуі
т и і с .

3. Ұлттық компаниялардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтердің міндетті аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйым осы Біліктілік талаптарының 2-тармағында көзделген біліктілік талаптарына қосымша мынадай :

- 1) аудиторлық қызметпен айналысу мерзімі кемінде 5 (бес) жыл;
- 2) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес аудит жүргізілген кемінде 10 (он) ұйымның болуы;
- 3) кәсіби бухгалтер сертификаты бар кемінде 2 (екі) маманның болуы біліктілік талаптарына сәйкес келуі керек.

4. Қаржылық ұйымдардың және акционерлік қоғамның «Қазақстан Даму Банкі» міндетті аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйым осы Біліктілік талаптарының 2 және 3-тармақтарында көзделген біліктілік талаптарына қосымша «аудитор» деген біліктілік куәлігі және соңғы бес жылдың 3 (үш) жыл ішінде қаржылық ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен аудиторлық біліктілік куәлігі бар маманды топ жетекшісі етіп тағайындайды, сондай-ақ мынадай толық біліктіліктерінің Certified Public Accountant (CPA) және The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA) біреуі бар немесе соңғы бес жылдың 2 (екі) жыл ішінде қаржылық ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен аудиторлық біліктігі бар кемінде 2 (екі) қызметкерінің б о л у ы к е р е к .

Осы норма қаржылық қызметтерді көрсететін ұлттық компанияларға қолданылмайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 3 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 490 бұйрығына қосымша
Нысан

Міндетті аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдар қойылатын біліктілік талаптарының тізімі

Р/с №	Аудиторлық ұйымның атауы	Лицензияның топтамаcы, нөмірі және беру күні	Міндетті аудитті жүргізуге рұқсаттама, оның ішінде:		
			ұ л т т ы қ компаниялардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтердің міндетті аудитін жүргізуге	қаржы ұйымдардың міндетті аудитін жүргізуге	өзге ұйымдардың міндетті аудитін жүргізуге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК